Исх. № 5165-24-5-21/16030 от 26.12.2024, Вход № от

Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 27.12.2024 09:35. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қараша №5165-24-00-2/2893 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Муртазаев» Жомарт Ильичбекович Муртазаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор С.Сейілханов
талап қоюшының өкілі И.Джундибаев
жауапкер Ж.Муртазаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 20 мамырда тараптар арасында №82 санды электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың №1,2 қосымшаларына сай жауапкер тапсырыс берушіден өтінім келіп түскеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде 110 000 теңгеге перделерді химиялық тазалау бойынша қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметті көрсетпей, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып

алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және кешіктірілген күндерге жалпы 1 650 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап қою бойынша пікір келіп түспеген.

Талап қоюшының өкілі И.Джундибаев талап қоюды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Ж.Муртазаев талап қоюды мойындап, денсаулығына байланысты қызметті көрсете алмайтынын көрсетті.

Тиісті түрінде хабарланған жауапкердің өкілі сотқа келмеді.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай шарт 2024 жылдың 20 мамырдан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді.

Істің құжаттарынан анықталғандай, талап қоюшымен жауапкерге өтінім 2024 жылғы 28 тамызда жолданған.

Алайда, жауапкер 2024 жылғы 11 қыркүйекке шартпен белгіленген міндеттемелерін орындамаған, нәтижесінде талап қоюшымен шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Чингиспаева К. С., 24.12.2024
Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 27.12.2024 09:35. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП
Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 19.11.2024
5165-24-3-1/2967

№2 талабы бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден орындалмаған күндеріне есептелген 1 650 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Істің құжаттарына сай, шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері 2024 жылғы 11 қыркүйекке орындалуы тиіс болған. Осыған орай, тұрақсыздық айыбы (110 000*0,1 %*15 күн) 1 650 теңгені құрайды.

Істің мұндай тұрғысында, талап қоюшының №2 талабы толық қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 896 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысы әкімі аппаратының «Түркістан облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Муртазаев» Жомарт Ильичбекович Муртазаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Муртазаев» Жомарт Ильичбекович Муртазаевтан мемлекет пайдасына 1 650 (бір мың алты жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 896 (бір мың сегіз жүз тоқсан алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Чингисаева К. С., 24.12.2024
Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 27.12.2024 09:35. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП
Құжатқа қол қойылған: Чингисаева К. С., 19.11.2024
5165-24-3-1/2967

күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 19.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.12.2024, судья Чингиспаева К. С., 24.12.2024
Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 27.12.2024 09:35. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

5165-24-3-1/2967

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№
Организация/отправитель	СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	УПРАВЛЕНИЕ ДЕЛАМИ АКИМАТА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	

Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 27.12.2024 09:35. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Подпись канцелярии
26.12.2024 09:47 ДӘРІБОЗОВ ҚАЗЫБЕК

Подпись руководителя
24.12.2024 18:03 ЧИНГИСПАЕВА КЫМБАТ

Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 27.12.2024 09:35. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП